

## **СӨЖ №5.**

**Тақырып:** Дәстүр жалғастығы

**Мақсаты:** Жыраулармен қоса XVIII ғасырдағы ақындар поэзиясы туралы

**Сұрақтары:**

1. ХУ-ХУІІІ ғасырлардағы жыраулар мен ақындар қолданған бірқатар көркемдік әдістердің кейінгі ақындарда кездесуі

2. Ақындар туралы зерттеушілер пікірлері.

**Тапсырма:** «Толғауларының идеялық мазмұны, көркемдік ерекшеліктері» тақырыбында тұжырымды пікір білдіріп, баяндама жазыңыз.

**Тапсырманы орындауға арналған әдістемелік нұсқау:** Өздік жұмыстарын орындауда жасалған баяндамалар дәріс материалдарынтотлықтыра түсуге және студенттердің оқу және ғылыми материалдармен жұмыс істеу қабілеттерін бағалауға мүмкіндік береді.

Баяндама дайындаудың кезеңдері:

1. Берілген тақырыпқа қатысты маңызды ғылыми еңбектерді оқу;

2. Оқыған материалға талдау жасау, тақырыпты барынша айқындайтынзерттеушілердің әр түрлі көзқарастарын, фактілерді және ғылымижағдайларды бөліп көрсету;

3. Баяндама материалдарын логикалық жағынан дұрыс құру жәнеталдап қорыту, мысалы, кеңінен ашып көрсетілген жоспар ретінде;

4.Баяндама мәтінін ғылыми еңбекке қойылатын талаптарды сақтайотырып жазу.

Баяндаманың құрылымы басқа ғылыми еңбектердегі сияқты үш бөлімнен тұрады: кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды.

Кіріспе бөлімде баяндама тақырыбы, басқа мәселелермен байланысы, бұлтақырыптың қарастырылуы, негізгі дереккөздер беріледі.Негізгібөлімі логикалық жағынан нақты құрылуы керек. Мәліметтер өзарабайланысты, дәлелді әрі нақты болу керек. Негізгі мәтінде айтылған ойқайталана бермеуі тиіс. Қорытынды бөлімде тақырып төңірегінде тұжырымдар жасалып, негізгімәселелер нақтыланады.

Баяндама келесідей тармақтардан тұрады:

1. Титулдық бет. 2. Жоспар.3. Кіріспе (тақырыптың негізі, мәселенің өзектілігі). 4. Негізгі бөлім. 5. Практикалық шешімдер (мәселені жою үшін қандай шаралар қабылданды). Жасалған жұмысты бағалау. 6. Болашақ дамуды жоспарлау, проблемаларды шешу жолдары. 7. Қорытынды. 8. Пайдаланылған дереккөздердің тізімі.

Баяндама дайындауға қойылатын талаптар: Баяндама толық 4 бетке дейін, Word 6.0, 7.0 редакторында, А4форматты парақта дайындалыпберілуі тиіс, қолданылатын шрифт – Times New Roman, Kz Times NewRoman. Интервал – 1. Парақтың барлық жағынан 25 мм алаң қалдырылуытиіс.

**Есеп беру түрі:** Схема қолдану арқылы жасалған баяндаманы тыңдау. Дәстүрлі бағалау әдістері.

**Тапсырманы орындау мерзімі және студент білімін бағалау:** 11 апта

Жоғарғы ұпай – 4